

Атқарушы өкімет органдары басшыларының іссапарлары туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1996 жылғы 1 қаңтардағы N 2750

1. Басшы кадрлардың жауапкершілігін арттыру және олардың іссапарларын реттеу мақсатында Премьер-Министрдің орынбасарларының, министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге де атқарушы органдар басшыларының, Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының, облыстар әкімдерінің республикадан тыс жерлерге жол жүруі, сондай-ақ әкімдердің астанаға жол жүруі Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің рұқсатымен ғана жүзеге асырылады деп белгіленсін. Келісу Республика Президенті Өкімшілігінің Басшысы мен Үкіметі Аппаратының Басшысы арқылы жүргізіледі.

2. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдардың басшылары, сондай-ақ Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, облыстардың әкімдері жергілікті атқарушы органдардың жауапты қызметкерлерін іссапарға жіберу тәртібін анықтайтын болсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімшілігіне (С.Т.Тұрсынов) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына (Е.Ә.Өтембаев) жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті